



Бекітемін:

Handwritten signature

«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

**2024-2025 оқу жылының ӘЖЕЛЕР, ӘКЕЛЕР ЖӘНЕ АНАЛАР МЕКТЕБІ
ЖОСПАРЫ**

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты адам
1	«Ынтымақты отбасы - табысты тәрбие» - ата-аналармен жаңа оқу жылындағы ынтымақтастықты нығайту	Диалог алаңы	Қыркүйек 2024 жыл	Әдіскер, тәрбиешілер
2	«Әже - отбасының алтын қазығы» - әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлі, отбасылық құндылықтар туралы кездесу	Тағылымды кездесу	Қазан 2024 жыл	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Ойнайық та, ойлайық!» - әкелер, аналар және балалардың қатысуымен логикалық, қимылды және дамытушы ойындар фестивалі	Танымдық ойындар фестивалі	Қараша 2024 жыл	Тәрбиешілер
4	«Отбасындағы сенім мен сыйластық»	Психологиялық тренинг	Желтоқсан 2024 жыл	Әдіскер
5	«Әуен әлеміне бірге саяхат» - ата-аналар мен балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	Музыкалық ойын-сауық	Қаңтар 2025 жыл	Тәрбиешілер
6	«Баламен бірге бір қадам» - ата-аналарға арналған тәрбиелік жағдаяттарды шешу ойындары	Іскерлік ойын	Ақпан 2025 жыл	Әдіскер
7	«Наурыз думаны» - ұлттық салт-дәстүрлер, ән-билер, көріністер және отбасылық шығармашылық	Мерекелік бағдарлама	Наурыз 2025 жыл	Тәрбиешілер
8	«Таза аула - таза көңіл» - ата-аналармен бірлескен көгалдандыру және сенбілік	Экологиялық акция	Сәуір 2025 жыл	Әдіскер, тәрбиешілер

9	«Көңілді старттар» - ата-аналар мен балалардың қатысуымен спорттық эстафеталар	Спорттық жарыс	Мамыр 2025 жыл	Тәрбиешілер
10	«Шығармашыл отбасы» - отбасылық қолөнер бұйымдарын жасау және көрмеге ұсыну	Шеберлік сағаты	Маусым 2025 жыл	Тәрбиешілер
11	«Кітаппен бірге өсеміз» - ертегі оқу, жұмбақ шешу, сөздік ойындар арқылы отбасы мүшелерінің бірлескен әрекеті	Әдеби-танымдық кеш	Шілде 2025 жыл	Тәрбиешілер
12	«Жыл үздігі - өнегелі отбасы» - белсенді ата-аналарды марапаттау, оқу жылын қорытындылау	Қорытынды кездесу	Тамыз 2025 жыл	Әдіскер, тәрбиешілер

«Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» №1 Хаттамасы

Күні: 15.09.2024 ж.

Қатысқандар: Балабақша әдіскері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Тақырыбы: «Ынтымақты отбасы - табысты тәрбие» - диалог алаңы.

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған ынтымақтастық жоспарын таныстыру.
2. Бала тәрбиесіндегі отбасы мен бөбекжайдың бірлескен жұмысы.

Тыңдалды: Әдіскер сөз сөйлеп, «Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» жаңа оқу жылына арналған мақсат-міндеттерімен таныстырды. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, пікір алмасу өтті.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Ата-аналар мен бөбекжай ұжымы арасында тығыз байланыс орнатылсын.



Төрайым:

Мусаева А.А.

Хатшы:

А.К.Сельбаева

«Әже - отбасының алтын қазығы» тағылымды кездесуі туралы

АНЫҚТАМА

2024 жылдың қазан айында «Алтынland» бөбекжайында «Әже - отбасының алтын қазығы» тақырыбында тағылымды кездесу өтті.

Мақсаты: Әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрді дәріптеу.

Өтілу барысы: Кездесуге бөбекжай тәрбиеленушілерінің әжелері қатысты.

Балалар әжелеріне арнап ән айтып, өлең шумақтарын оқыды. Әжелер өз кезегінде ақыл-кеңестерін айтып, ұлттық тәрбие берудің қыр-сырымен бөлісті.

Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.



Меңгеруші-әдіскер:

M. J. G.

А.А.Мусаева

«Ойнайық та, ойлайық!» ойындар фестивалі туралы

Анықтама

2024 жылдың қараша айында «Ойнайық та, ойлайық!» атты танымдық ойындар фестивалі ұйымдастырылды.

Қатысушылар: Әкелер, аналар және балалар.

Сипаттамасы: Шара барысында отбасылар логикалық, қимылды және дамытушы ойындарға белсене қатысты. Ойындар балалардың ойлау қабілетін дамытуға, ата-аналар мен балалар арасындағы бауырмалдықты арттыруға бағытталды.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

«Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» №2 Хаттамасы

Күні: 18.12.2024 ж.

Тақырыбы: «Отбасындағы сенім мен сыйластық» психологиялық тренингі.

Қатысқандар: Бөбекжай әдіскері, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. Отбасындағы жағымды психологиялық климатты қалыптастыру.
2. Ата-аналарға арналған практикалық жаттығулар.

Тыңдалды: Әдіскер ата-аналармен психологиялық жаттығулар мен тренингтер өткізді. Өзара сенім мен сыйластықты арттыру жолдары талқыланды.

Шешім:

1. Тәрбиеде отбасылық сыйластықты ұстану жөніндегі ұсыныстар ескерілсін.



Төрайым:

Мусаева А.А.

Хатшы:

А.К.Сельбаева

«Әуен әлеміне бірге саяхат» музыкалық ойын-сауығы туралы

Анықтама

2025 жылдың қаңтар айында ата-аналар мен балалардың қатысуымен «Әуен әлеміне бірге саяхат» атты музыкалық ойын-сауық өтті.

Мақсаты: Балалар мен ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Нәтижесі: Балалар ата-аналарымен бірге ән айтып, музыкалық аспаптарда ойнап, би биледі. Іс-шара жоғары көңіл-күйде өтті.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

А.К.Сельбаева

«Наурыз думаны» мерекелік бағдарламасы туралы

Анықтама

2025 жылдың наурыз айында «Наурыз думаны» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүрді, ән-билер мен отбасылық шығармашылықты дәріптеу.

Өтілуі: Ата-аналар мен балалар ұлттық киімде салт-дәстүрлерден көрініс көрсетіп, ән шырқады.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

«Таза аула - таза көңіл» экологиялық акциясының Актісі

Күні: 18.04.2025 ж.

Орны: «Алтынland» бөбекжайы

Қатысушылар: Бөбекжай ұжымы мен ата-аналар.

Орындалған жұмыс:

Бөбекжай ауласын көгалдандыру және тазалау сенбілігі өткізілді. Ата-аналармен бірлесе отырып ағаштар мен гүлдер отырғызылып, аула көркейтілді.

Жауаптылар: Әдіскер, тәрбиешілер.

«Көңілді старттар» спорттық жарысы туралы Анықтама

2025 жылдың мамыр айында «Көңілді старттар» спорттық эстафетасы өтті.

Қатысқандар: Ата-аналар мен балалар.

Мақсаты: Сергек өмір салтын насихаттау, спорттық белсенділікті арттыру.

Жеңімпаз отбасыларға алғыс хаттар табысталды.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

«Шығармашыл отбасы» шеберлік сағаты туралы

Анықтама

2025 жылдың маусым айында «Шығармашыл отбасы» атты шеберлік сағаты өтіп, қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

Нәтижесі: Отбасылар өз қолдарымен жасаған түрлі қолөнер бұйымдарын ұсынып, тәжірибе алмасты.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

«Кітаппен бірге өсеміз» әдеби-танымдық кеші туралы

Анықтама

2025 жылдың шілде айында «Кітаппен бірге өсеміз» әдеби-танымдық кеші өткізілді.

Өтілуі: Ата-аналар балаларға ертегі оқып, жұмбақ шешіп, сөздік ойындар ойнатылды. Шара отбасылық кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

Жауаптылар: Тәрбиешілер.

«Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» №4 (қорытынды) Хаттамасы

Күні: 22.08.2025 ж.

Тақырыбы: «Жыл үздігі - өнегелі отбасы» қорытынды кездесуі.

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылындағы «Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» жұмысын қорытындылау.
2. Белсенді отбасыларды марапаттау.

Тыңдалды: Әдіскер жыл бойы атқарылған іс-шаралар есебін берді. Меңгеруші А.А.Мусаева сөз сөйлеп, белсенді қатысқан отбасыларға марапаттар табыс етті.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылындағы «Әжелер, әкелер және аналар мектебінің» жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Белсенді ата-аналарға алғыс білдірілсін.



Төрайым:

Мусаева А.А.

Хатшы:

А.К.Сельбаева